

**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»ММ
«Б.МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
№3 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ**

«Бекітемін»
Бұйрық №241/29.08.2024ж.
29.08.24 ж. №1 педагогикалық
кеңесінде
«Арқалық қаласы әкімдігінің білім
бөлімінің Б.Майлин атындағы №3
ЖББМ» КММ басшысы
Ахатов Н.А
«29» тамыз 2024ж.

**«АДАЛ ҰРПАҚ»
ҚОСЫМША ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағыты- саяси- құқықтық

Бағдарламаны іске асыру мерзімі-1 жыл

Бағдарлама түрі-модификацияланған

Деңгей-бастапқы

Білім алушылардың жасы: 10-17 жас

Құрастырушы: Мәлік Бақыт Амангелдіқызы

Тарих пәнінің мұғалімі.

Қосымша білім беру педагогі

Арқалық қаласы-2024 жыл.

Мазмұны

1. Жалпы ержелер

1.1. Түсіндірме жазба 3

1.2. Бағдарламаның өзектілігі 4

1.3. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері 5

1.4. Бағдарламаның мазмұны

Жоспары 6-9

1.5. Күтілетін нәтижелер: 10

1.6. Күнтізбелік оқу кестесі 11

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 12

1. Бағдарламаның негізгі сипаттамаларының кешені

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Адал ұрпақ» білім беру бағдарламасы қоғамда белең алған сыбайлас жемқорлықтың алдың алу және одан сақтану жолдарын үйрету, әділдік жолына шақыру мақсатында жұмыс жасайды. Адал ұрпақ

тәрбиелеу. Адал ұрпақ идеясын насихаттау. Жас ұрпақ бойына рухани адамгершілік және азаматтық - патриоттық тәрбие беру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру..

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқықтық бұзушылықтар үшін әртүрлі жазалар қарастырылған. Үйірме оқушының тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз.

Мақсаты: Қоғамда белең алған сыбайлас жемқорлықтың алдың алу және одан сақтану жолдарын үйрету, әділдік жолына шақыру. Рухани адамгершілік және азаматтық - патриоттық тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру

Міндеті: Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстың, күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

Бағдарламаны жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

Адал ұрпақ клубын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

2. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

1) біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған шараларды іске асыру;

2) оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;

3) оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

3. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

1) адамгершілік тәрбиелеу моральдық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;

3) эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемдігін түсінуін дамытуға бағытталған.

1) жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;

2) сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары;

3) «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары болып табылады.

Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген).

Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, мәдени-көпшілік іс-шаралар.

4. Бағдарламаның мазмұны

Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша тақырыптық оқу жоспары

№	Бөлім, тақырып атауы	Сағат саны			Қорытынды аттестаттау түрі	Өтетін күні
		Барлығы	Оның ішінде			
			Теория	Тәжірибе		
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру, таныстыру	14	6			02.09.2024 06.09.2024
1	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау	2		2	Стенд жасау	09.09.2024 13.09.2024
2.	Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру мәселелерін қосу	2	2		Сынып сағаттар	16.09.2024 20.09.2024
3	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы	2		2	пікірталас	23.09.2024 27.09.2024
4	«Қазақстан - құқықтық мемлекет» айлығы	2	2		Айлық өткізу	30.09.2024 04.10.2024
5	Еліміздің сайлау қағидаттарына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік-рөлдік ойыны	2		2	Практикалық сабақ	07.10.2024 11.10.2024
6	«Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызмет ардагерлері, мемлекеттік қызметшілермен кездесу	2		2	Практикалық сабақ	14.10.2024 18.09.2024
7	Құқық қорғау органдарының тәжірибесінен бір күн	2		2	Бір күндік өткізу	21.10.2024 25.10.2024
8	«Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет» дөңгелек үстелі	2	2		Прокуратура қызметкерлері мен кездесу	28.10.2024 01.11.2024
9	«Адал және сатылмайтын еңбек	8		8	Практикалық	04.11.2024

	бейнесі» оқушылар арасындағы сурет байқауы				сабақ	08.11.2024
10	«Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны	8		8	Практикалық сабақ	11.11.2024 15.11.2024
11	«Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар байқауы	8		8	Практикалық сабақ	18.11.2024 22.11.2024
12	Театрландырылған қойылым	8		8	Практикалық сабақ	25.11.2024 29.11.2024
13	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы	8		8	Практикалық сабақ	02.12.2024 06.12.2024
14	Ата-аналар жиналысын өткізу	1		1	Педагогикалық бақылау	09.12.2024 13.12.2024
15	«Транспарентті және есеп беретін мемлекет» бейнероликтер байқауы	1		1	Практикалық орындау	17.12.2024 20.12.2024
16	" Әділдік пен адалдық "	2		2	Сот сабағы	23.12.2024 27.12.2024
17	«Мектепте академиялық адалдықты қалыптастыру керек»	2		2	Пікірталас	06.01.2025 10.01.2025
18	"Алтын басты болсаң да ардан артық емессің"	2		2	Пікірталас	13.01.2025 17.01.2025
19	Сыбайлас жемқорлық деген не?	2	2		Баяндама	20.01.2025 24.01.2025
20	"Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мен парасаттылық құндылықтарын ілгерілетуге және отбасы өнегесін дәріптеуге үлес қосқан Парасатты отбасы" байқауына	1		1	Байқау өткізу	27.01.2025 31.01.2025
21	«Адал ұрпақ-мәңгілік елдің кепілі»	2		2	Пікірталас	03.02.2025 07.02.2025
22	«Ар -намысты арқалаған рухты батыр - Бауыржан» тақырыбында адалдық сабағы	1		1	Практикалық орындау	10.02.2025 14.02.2025
23	«Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – қауіпті көрініс»	6	6	6	әңгімелесу	17.02.2025 21.02.2025
24	«Сыбайлас жемқорлықпен күрес баршамызға ортақ іс» кездесу	6		6	сауалнама, педагогикалық бақылау	24.02.2025 28.02.2025

25	Адалдық дүкені	4		4	Практикалық орындау	03.03.2025 07.03.2025
26	«Мемлекеттік қызмет агенттігінің жұмысынан бір күндік»	6		6	Тәжірибе алмасу	14.03.2025 17.03.2025
27	«Сот ісінен бір күн»	6		6	Сот процессіне қатысу	28.03.2025 31.03.2025
28	«Тергешілермен бір күн»	4		4	Тәжірибе алмасу	04.04.2025 07.04.2025
29	Саптық жиындар өткізу	6		6		11.04.2025 14.04.2025
30	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасындағы сурет байқауы	2	2		сурет байқауы	18.04.2025 21.04.2025
31	«Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар байқауы	2		2	сауалнама, педагогикалық	25.04.2025 28.04.2025
32	Адалдық дүкені	2		2	жәрмеңке	02.05.2025 05.05.2025
33	«Адалдық – ардың ісі»	2		2	Дебат	12.05.2025 16.05.2025
34	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»	2	2	2	Эссе байқауын жариялау	19.05.2025 23.05.2025
35	«Мен, жемқорлыққа қарсымын!»		2	2	Үгіт парағын жасау	26.05.2025 30.05.2025
	БАРЛЫҒЫ:	136	26	110		

Б.Майлин атындағы № 3 жалпы білім беретін мектеп
«Адал ұрпақ» клубының 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары

«Адал Ұрпақ» клубының негізгі міндеттері:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс – шараларды ұйымдастыру;

Жоспарға сәйкес іс – шаралар, ұйым мүшелерінің отырыстары, пікір сайыстар, жүргізілді.

Атап айтқанда: ай сайын «Адал Ұрпақ» үйірменің мүшелерінің құрамын жинақтау кезекті отырыстары. Мақсаты: «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарында нақты өткізілетін іс-шаралардың тақырыптары мен оларды өткізуге жауаптылар, іс-шараларға қатысатындар мен оларды өткізу мерзімдерін көрсету. Отырыс барысында үйірменің жұмысының мақсат – міндеттері түсіндіріліп, жүйелі жоспар жасалды. Бұл әрине, бүгінгі буынның келешегі кемел болуына жасалған нақты қадамның сәтті бастамасы. Қараша айында 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалынды, «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында үнпарақтар таратылды. «Адал Ұрпақ» клубының ұйымдастыруымен азаматтылыққа, отансүйгіштікке, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Сыбайлас жемқорлық түрлерін қалай жоюға болады?» суретшілер байқауы өтті. Құқықбұзушылық, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу, мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлі туралы мәселелер қозғалды. «Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма, «Тәртіп не үшін керек?» пікір-сайыс өтіп, «Парасатты азамат» бұрышы өзгертілді.

Мектебімізде желтоқсан айында «Адал Ұрпақ» клуб мүшелері және 8 сынып оқушылары «Транспарентті және есеп беретін мемлекет» видеоролик

тамашалады. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» эссе байқауы, «Қоғамдық тәртіп негіздері» шығарма байқауы өтті.

«Біздің болашағымыз - жарқын!» шығарма байқауы өтті. Мақсаты: Өскелең ұрпаққа мемлекеттік қызметті түсіндіру оның мақсаты әр азаматқа қалтқысыз қызмет ету екендігін түсіндіру.

«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауы өтті. Мақаты:

«Мәңгілік Ел» жалпыазаматтық құндылықтарды насихаттау. Заң алдында барлығының тең екендігін үйрету, еңбексүйігіштікке, адалдыққа тәрбиелеу.

«Сыбайлас жемқорлық туралы не білесің?» сауалнама жүргізілді.

7 –сәуір күні «Адал ұрпақ» клуб жетекшісі мен мүшелері ант қабылдап, төсбелгісін тақты.

Сондай – ақ ай сайын адалдық дүкені өтеді. Дүкенде қолжетімді бағада оқу-құралдары сатылымда тұр. Бұл жерде сатушының болмауына байланысты өзіне-өзі қызмет ету жұмысы ұйымдастырылған. Алынатын тауарды оқушы өзі таңдап алады да, төленетін ақшаны жанындағы қорапқа салып кетеді.

Мұндай әрекеттер оқушылардың жағымды моральдық қасиеттерін, соның ішінде ішкі парасаттылық пен адалдыққа тәрбиелеуге бағыттайды. Сонымен қатар, өзінен кейінгілерге де, үлкендерге де өнегелі, үлгілі іс болары анық. Бұл жобаны жүзеге асыруда қоғамдағы жемқорлықпен күресуге, жастарды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу мәдениеті көзделіп отыр.

«Адал ұрпақ» клубының жетекшісі:

Мәлік Б.А

Сараптама

Мерзімі: 28.10.2024ж

Жетекші: Жақсылықова Ж.Б.

Тақырыбы: «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет байқауы

Мақсаты: қоғамда белең алған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және одан сақтану жолдарын үйрету, әділдік жолына шақыру.

Мектебімізде "СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!" 5-9 сыныптар арасында сурет сайысы болып өтті. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткізілді. Адам баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Оқушылар салған суреттен адамды жақсылыққа жетелейтін жақсы қасиеттер мен әрбір істердің шапағаты туралы түсінік қалыптасты.





2/4



1/4





